

Издается с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:

В НОМЕРЕ:

Тәкен Әлімқұлов «Қараой» шығармасы

Кітапханашы – руханият шамшырағы

Ақ таяқ күні: әлем бәрімізге ортақ

«Әдеби такси» - новый способ повысить интерес к чтению

Юбилей великого слова: читаем Сабита Муканова

Путь к знанию: библиотека и читатель

Оқырмандар шығармашылығынан – Творчество наших читателей

Библиограф хабарлайды – библиограф информирует

6(122)

2025



Юбилей великого слова: Читаем Сабита Муканова

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

НОЯБРЬ

10 ноября – Всемирный день молодежи

10 ноября – 90 лет со дня рождения казахского поэта, сатирика Уайдина Умбетбая (1935-2018)

12 ноября – 120 лет со дня рождения композитора, народного артиста КазССР, основателя казахской народной профессиональной музыки Евгения Григорьевича Брусиловского (1905-1981)

15 ноября – 110 лет со дня рождения писателя, общественного деятеля, Героя Советского Союза Малика Габдуллина (1915-1973)

15 ноября – День национальной валюты Республики Казахстан (1993)

20 ноября – 80 лет со дня рождения казахского писателя Бейбита Койшыбаева (1945)

24 ноября – 130 лет со дня рождения казахского писателя, одного из основоположников детской литературы Сапаргали Бегалина (1895-1983)

25 ноября – 140 лет со дня рождения поэта, педагога Мыржакыпа Дулатова (1885-1935)

25 ноября – 100 лет со дня рождения композитора, участника Великой Отечественной Войны Есбаева Аблахата Смагуловича (1925-1976)

26 ноября – Всемирный день информации

28 ноября – 90 лет со дня рождения казахского поэта, писателя Жумекена Нажимеденова (1935-1983)

30 ноября – Международный день защиты информации.

ДЕКАБРЬ

3 декабря – Международный день инвалидов

10 декабря – День прав человека

15 декабря – 120 лет со дня рождения поэта, писателя Отебайа Турманжанова (1905-1978)

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

16 декабря – День Независимости Республики Казахстан

24 декабря – 115 лет со дня рождения казахского писателя, Героя Советского Союза, участника ВОВ, Бауыржана Момышулы (1910-1982)

27 декабря – 115 лет со дня рождения критика, литературоведа, писателя, доктора филологических наук, академика НАН РК, заслуженного деятеля Казахской ССР, Каратаева Мухамеджана Кожаспаевича (1910-1995)

31 декабря – 115 лет со дня основания Национальной библиотеки Республики Казахстан (1910 г.).

ӘДЕБИЕТ – ЛИТЕРАТУРА

Тәкен Әлімқұлов
«Қараой»

Қол шаяр алдында Жаңаберген Исатайға бағышлап кұран оқыды. «Күнту-тұрабадан» аса бергенде сүрініп еді. Мақамбет қақырынып қалды.

Мақамбеттің бұл қылығы да бидің шымбайына батты. «Мұсылманша, орысшаға судай кәпір ғой, бұл!» – деп отыр.

Жаңаберген Мақамбеттің кім екенін біледі. Хан, сұлтандарды менсінбеген батыр, қазаққа сөз бермеген қаратіл дәурендесе, биге дүре соқтырады ғой.

Жаңабергеннің қызыл күрең жүзі шамалы қуқыл тартты. Тісін аршамен шұқып жатып:

– Мақамбет қарағым, сонымен, не істемек ләзім? – деді.

Мақамбет кәрі жыны қызып, саңқылдады.

– Дұғадан, батадан Баймағамбет сұлтанның аузы-басы қисаймайды. Тасаттық азаттық әкелмейді. Қару жию керек. Еркек кіндікті атқа қондыру керек. Сіз-ақ бастаңыз. Мен – қоштайын.

Жаңаберген Ықыластың бетіне қарады. Ықылас саусағын сыртылдатып:

– Еркек кіндікті Жайықтан өткізе алсақ... – дей бергенде, Мақамбет қайта саңқылдады.

– Серкесі болсаң, өтеді. Ал, егер, сасық текедей бақылдап,

Мақамбет қайта саңқылдады.

– Серкесі болсаң, өтеді. Ал, егер, сасық текедей бақылдап, көткеншектесең, құрдымға кім түседі?

Ықыластың бітеу жарасы жарылар тұс осы екен. Көз ілеспес қимылмен:

– Е, ананды... – деп Мақамбеттің үстіне қона түсті. Малдас құрып отырған Мақамбет жығылмады. Бір тізелеп түрегеле беріп, басымен Ықыласты бұқаша сүзіп жіберді. Ықылас: «ах!» деп, аузын басып қалды. Осы уақытта Мақамбетке төрт адам жабылып үлгерген. Екеуі екі қолын қайыра бастады. Мақамбет құрыққа ілінген құландай:

– Бала-шағадан аулақ! – деп жанұшыра бұлқынып, төрт адамды сүйрете-мүйрете тысқа шыға бергенде, табалдырыққа сүрініп, етпетінен құлады.

Қаншама жанның аяғы аттағаны мәлімсіз көне табалдырықтың алдында жаңа опыр-топыр басталды. Мақамбет жауған жұдырықты елемей, бар күшін жиып, етпеттей күжірейіп, жендеттерді сауырдан төге берді. Олар қайта жармасып, шықшыттап, батырдың тынысын тарылтуға күш салды. Мақамбеттің теңдессіз үлкен жүрегі тынымсыз дүрсіл қағумен болды. Жаралы арыстанның ыңыранғанындай, тұншыққан домалақ дүрсілден Ықыластың үрейі ұшты. Ол қазықтың қасында жатқан тоқпақпен Мақамбеттің басына ұрды. Мақамбет ақтық рет «Әуес!» деп, сылқ түсіп, сұлап қалды.

Жендеттің бірі Мақамбеттің қатын-баласын сыртқа шығармай, қара қанжармен жасқап тұрған. Әкесінің ақтық арызын естігенде, Нұрсұлтан оқжыландай атылып, жараланып қалды.

Мақамбеттің үй іші ұлардай шулап жатты.

Мақамбет тілге келмей кетті. Бірақ талайға шейін жүрегі дүрсілдеп, миы шыңылдап, бүкіл өмірін көз алдынан өткізіп жатты. Ақырғы үні «Әуес» болса, ақырғы ойы «Қайран халқым!» деген екі сөзге сайды. Жантәсілім қыларда, қанталаған қой көзін кең ашты. Жарық дүниемен қоштасып, Қараоймен арыздасты. Ұзақ жолдың түйіні қысқа екенін бірінші рет біліп бара жатты.

Жаңабергендер шідерлі аттарына келе жатты. Түстері өрт сөндіргендей әлем-тапырық. Тісі опырылып қалған Ықылас маңқадай мыңқылдап:

– Жақа, боталы түйені сіз жетектеңіз! – деп еді. Не істегенін енді сезінгендей, тұлданып түнеріп келе жатқан би шұбар тарландай тулады.

– Бүлінгеннен бүлдіргі алман! Менің ісім бітті!..

Мақамбеттің атын Ықылас мінгенде, Жаңаберген және ашу шақырды.

– Е, немене, қолыңдағы бастың бодауы аздық қыла ма. Жетімектеріне қалдырсаң нетті.

Ықылас тоқетерінен бір-ақ қайырды.

Сұлтанның әмірі осылай, биеке! Жаңаберген жым болды.

Мақамбеттің жүйрік күреңі қара беттің астында ойнақшып шыға келді.

Бағана күйеудей жаяулап келгендер астан желіккен жиендей еркінсіп, білген بازیналығын жасап, тасырлата жөнелді.

Қараойдың қойнауында қаралы үй жапа-жалғыз қала берді.

Әуес күйеуін құшақтап, қыздай сыңсыды. Нұрсұлтан етпеттеп еңіреді. Жас бала шырылдап, үй айнала берді.

Үй маңынан бота боздады. Өрістен енесі аңырады. Түйе қызыл изенді қыдыра шалуын доғарды.

Қараойдың үстінде көңқарға мен қызғыш ұшып жүрді.

Күн батар шақ еді. Қараой қаралы қызыққа толып, дөңгеленіп бара жатты. Сол түні ай тұтылған...

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Кітапханашы – руханият шамшырағы

Кітап – адамзат өркениетінің ең қымбат мұрасы, ал сол қазынаны көзінің қарашығындай сақтап, ұрпаққа жеткізуші тұлға – кітапханашы. 24 қазан – Кітапханашылар күні – білім мен руханият жолында еңбек етіп жүрген осы мамандық иелеріне арналған мереке.

Қазіргі заман талабына сай кітапханалар тек ақпарат алмасу

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

орталығы емес, мәдениет пен шығармашылықтың, жаңа идеялардың ордасына айналып келеді. Ал осы үдерістің ортасында кітапханашылар тұр.

Кітапханашы – жай ғана кітап сақтаушы емес, ол – оқырман мен білім арасындағы алтын көпір. Олар қоғам дамуының рухани іргетасын бекемдеп, жас ұрпаққа білім мен мәдениеттің құндылығын дәріптеп келеді. Кейде ол көрмейтін жанды Брайль әрпімен оқуға үйретеді, кейде жас ұрпаққа Абай мен Ыбырайдың сөзін танытады. Бұл – үлкен сабыр мен мейірімнің, адалдық пен жанкештіліктің ең жарқын үлгісі. Кітапханашының еңбегі – көзге көрінбейтін, бірақ маңызы зор еңбек. Әрбір оқырманның сұранысын сезіну, оны дұрыс бағытқа жетелеу, мәдени қарым-қатынасты сақтай білу – үлкен шеберлік пен жанашырлықты қажет етеді.

Осы бір тамаша мереке күні барша әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің еңбектеріңізге табыс, оқырмандардың ризашылығын және шығармашылық шабыт тілеймін. Кітапхана – руханияттың алтын діңгегі, ал кітапханашылар – сол діңгекті нық ұстап тұрған абзал жандар.

Осы авторлық өлең – кітапхана саласының қызметкерлеріне, ұлттың рухани байлығын сақтап, келер ұрпаққа жеткізіп жүрген кітапханашыларға арналған шынайы алғыс пен құрметтің белгісі.

Кітапханашы – білімнің шырағы

Көруі жоқ, естуі жоқ талай жан –
Сіз арқылы таниды әлем, сан қырдан.
Бір әріпті Брайльменен танытып,
Білім беріп, бастайсыз сіз әр қадам.
Сабыр сақтап, мейіріммен жол ашар,
Кітаптарды дауыстап та оқытар.
Саусақ ізін сөйлетеді әріппен
Брайль жазу – өміріне керек деп
Сөредегі сырлы әлем – қазына,
Ақ парақта білім жатыр жазыла.

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Кітапханашы — асыл мұра сақшысы,
Шырақшысы жетелеген қашанда.

Сан кітаптың ішкі сырын саралап,
Әр бетіне үміт, арман, нұр жағып,
Мәдениет, тарих, өнер — бәрі де,
Ол арқылы жетеді елге таралып.

Оқырманы қашанда іздеп келер,
Жан дүниесін ғылыммен түзеп келер.
Тыңдап тұрып, сыр айтқан кітаптарды,
Жүрегінің түбіне сақтап жүрер

Кітапхана — тыныштықтың тұрағы,
Кітапханашы — даналықтың шырағы.
Ізденгенге жол сілтейтін шамшырақ,
Көңілге нұр, санаңа сәуле құяды.

Мың кітаптың ішінен қалағанын аларсың,
Білім алып санаңмен даналыққа самғарсың.
Абай, Ыбырай ізімен ғалым болып шығарсың,
Саған жолды нұсқайды, қырандай боп самғайтын

Кітапханашы — парасаттың иесі,
Ұрпақтарға жол көрсетер киелі,
Кітапханашы — жай мамандық емес бұл,
Адамдықтың ең бір биік шыңы ол!

Сөредегі сырлы кітап тілімен,
Таныстырар тарих, ғалым, күнімен.
Кітапханашы — білімнің шырағы,
Кітапхана — кемел білім ордасы.

Сан кітаптың сырын білген жан бар ма?
Білімімен жарық шашар таңдарға.
Кітапханашы — даналықтың шырағы,
Жол көрсетіп, жетелейді арманға.

Кітаптарға жол сілтейді күлімдеп,
Сан ғаламды сыр ғып ашар білім боп.
Кітапханашы — үнсіз ұстаз секілді,
Жанға жарық шашады ол ілім боп.

Айнагүл Жұмажанова,

Павлодар облыстық арнайы кітапхана басшысының орынбасары

Ақ таяқ күні: әлем бәрімізге ортақ

«Қайырымды іс жаса, қайырлы болар әр ісің»

Халық нақылы

Ақ таяқ күнінің маңыздылығы көз мүгедектігі бар жандардың мүмкіндіктері мен құқықтарын еске салатын күн екендігін бірі білсе, енді бірі білмей жататыны хақ. Ал, бұл күн зағип жандарға көңіл бөліп, ақ таяқты пайдаланушылар үшін қолайлы орта құруды барынша кеңінен насихаттайтын күн болып саналады.

Батыс Қазақстан облысының Бөрлі аудандық кітапханасы жанындағы Мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс секторының ұйымдастыруымен 15 қазан -Халықаралық Ақ таяқ күніне орай «**Ақ таяқ – өмірдің серігі**» атты қайырымдылық кеші өтті. Шараға көз мүгедектігі бар оқырмандармен қатар, басқа да санаттағы мүгедек жандар қатысты.

Аталмыш шара мейірімдік пен қайырымдылық секілді адам бойындағы игі қасиеттер туралы қазақ және шетел ғұламаларының нақыл сөздерін тыңдаумен басталды. Сектор меңгерушісі Г. Малбағарова «Ақ таяқ күні туралы не білесіз?» тақырыбында ашық микрофон ұйымдастырып, әр оқырманға атаулы күн туралы білетін ақпараттарымен бөлісуге мүмкіндік берді. Кітапханашы А. Жадриева оқырмандардың ой-пікірлерін әрі қарай толықтырып, атаулы күннің тарихы жайында әңгімелеп берді. Ал, шарада назарға ұсынылған «**Көңілдің көзімен көрген әлем**» бейнеролигінен оқырмандар көзінің көру мүмкіндігі шектелсе де, көкірек көзі ояу, түрлі салада танылып жүрген жандар туралы білді.

Кеш соңында барлық шара қатысушылары ақ таяқ жәй ғана зағип адамдардың көмекшісі емес, қоғамда мейірімділік, қайырымдылық іспетті қасиеттермен бағаланатын ерекше құрал екендігі туралы тоқтамға келді. Сонымен қатар Бөрлі ауданы ОКЖ-нің бас әдіскері С. Тасымғалиева бұл күннің мереке емес екендігіне баса тоқталып, әрдайым кітапхана өткізетін игі шаралардың ортасынан табыла білген ерекше жандарға алғысын білдіріп, естелік сыйлықтар тарту етті. «**Көңіл көзі –**

мейірім нұры» кітап көрмесі таныстырылып, көз мүгедектігіне қарамастан елге, әлемге танылған жандардың өмірлері мен шығармашылықтары насихатталды.

**Алтын Орынбайқызы Губайдуллина,
Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы
орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің
Мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыс секторының психологы**

«Әдеби такси» - новый способ повысить интерес к чтению

В эпоху цифровых технологий, когда люди все реже уделяют внимание на книги, создаются проекты, которые стремятся повысить интерес к чтению. Одним из таких проектов стал «Әдеби такси».

В начале этого года в Актюбинской областной специальной библиотеке для незрячих и слабовидящих граждан стартовал новый проект «Әдеби такси». Основная идея направлена на расширение читательской аудитории, пропаганду литературы и повышение интереса к книгам у людей с ограниченными возможностями. Мы стремимся напомнить пользователям библиотеки, что прослушивание говорящих книг может быть увлекательным и полезным занятием.

Как это работает:

По улицам нашего города курсирует специальное авто, которое предназначено для незрячих и слабовидящих граждан. В рамках данного проекта люди с нарушениями зрения заказывая службу инватакси могут наслаждаться прослушиванием аудиокниг во время поездки. Им предлагается литература различных жанров: это романы, детективы, фантастика. Проект начался с книги У. Кауса и Г. Байдербеса «Әлия ғұмыр – ерлік пен өнеге», посвященный 100-летию Героя Советского Союза А. Молдагуловой. 24 июля в честь 180-летия со дня рождения великого философа, акына, основоположника казахской письменной литературы Абая Кунанбаева мы продолжили проект с громким чтением философского трактата «Слова нази-

дания». В ходе мероприятия организованы поэтические чтения, поездка по местам связанные с творчеством Абая, подготовлена книжная тематическая выставка.

Проект уже получил положительные отзывы среди читателей. Многие из них отмечают, что такая инициатива помогает скоротать время в поездке, и вдохновляет их на чтение. Сегодня все больше людей предпочитают проводить время в виртуальном пространстве, вместо чтения книг. А в данном случае проект «Әдеби такси» предлагает приятный и увлекательный способ погрузиться в мир литературы.

**Түлегенов Максат Амантаевич,
библиотекарь Ақтүбінской областной
специальной библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан**

Юбилей великого слова: читаем Сабита Муканова

2025 год наполнен знаменательными датами и важными событиями, и об одном из них я хочу вам рассказать. К 125-летию великого казахского писателя Сабита Муканова Восточно-Казахстанская областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан стала площадкой вдохновения, душевного подъема и подлинной силой. Именно здесь прошёл уникальный Республиканский онлайн-конкурс выразительного чтения отрывков из романа Сабита Муканова «Ботагоз» среди незрячих и слабовидящих читателей специальных библиотек Республики Казахстан. Чем же он уникален спросите Вы. Участниками - коротко отвечу я. Каждое выступление - это откровение души, переплетение судеб с актерским мастерством.

Ведь Ботагоз олицетворение силы воли, смелость и упорство, которые ежедневно проявляют наши читатели. Сегодня незрячие женщины участвуют в общественной жизни, осваивают профессии, получают образование, занимаются творчеством и спортом.

Организованный в онлайн-формате, конкурс собрал 16 талантливых участников из восьми городов Казахстана:

Алматы, Актау, Костанай, Кызыл-Орда, Тараз, Павлодар, Уральск и Шымкента. Все конкурсанты читали фрагменты романа по системе Брайля, на казахском и русском языках, что сделало конкурс не только литературным, но и глубоко инклюзивным, объединяющим.

Особенностью конкурса стала его творческая насыщенность и разнообразие форм подачи. Некоторые участники подошли к выступлениям театрализованно — с использованием реквизита, интонационных акцентов, музыкального сопровождения, создавая почти сценические мини-постановки. Двое юных участников, дети, поразили жюри своей искренностью и трепетным отношением к слову. Яркая, с использованием видеоряда, оригинально оформленная работа школьницы из Тараза Байбосын Айзере бесспорно выделялась из всех представленных материалов. Само чтение юной конкурсантки поразило грамотностью, выразительностью, дикцией. Восхищенные члены жюри единогласно отметили в своих оценочных листах высший бал. Вторая девочка, ученица школы-интернат № 4 Аубакир Дарья из города Алматы выступила не менее эффектно и талантливо, завоевав сердца слушателей, единственным недостатком выступления было отсутствие демонстрации чтения отрывка посредством осязания рук. Дарья выучила большой текст наизусть, что вызвало бурю восхищения членов жюри, доказав о безграничной способности детской памяти. Видеоработа представительницы из города Павлодар Адамжановой Гульнары настолько впечатлила слушателей, что секретарь жюри Алиханова Маржан воскликнула: «Как в театре!». И действительно ее выразительное чтение отличалось эмоциональностью и глубиной передаваемых чувств героини. Чтение конкурсантов сопровождалось особым волнением, ведь каждая интонация, каждая пауза имела значение. Участники стремились не просто прочесть, а донести до слушателей чувства героев и красоту казахского слова. Жюри отметило высокий уровень подготовки большинства чтецов. Прослушав все шестнадцать выступлений, сопоставив с критериями оценки, компетентное жюри в составе пяти человек: директора библио-

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

теки, председателя филиала общественного объединения «Казахское общество слепых», режиссера-методиста досугового центра «Самгау», филолога и сотрудника филиала ОО «КОС» подвели итоги конкурса. Победителями конкурса стали:

I место – юная участница А. Байбосын из города Тараз, чье выступление поразило жюри грамотным и уверенным чтением отрывка, красотой и искренностью. Награждена Дипломом и денежным сертификатом в размере 80 тысяч тенге.

II место – Г. Адамжанова - представитель города Павлодар, работа которой отличалась театрально-художественным содержанием, глубиной передаваемого текста. Её выступление было отмечено Дипломом и денежным сертификатом в размере 60 тысяч тенге.

III место разделили две яркие участницы - Р. Григорьева из города Костанай и Б. Аубакирова представитель из города Павлодар. Их проникновенное и эмоционально насыщенное чтение не оставило равнодушным жюри. За свои впечатляющие выступления обе участницы были награждены Дипломами и денежными сертификатами в размере 30 тысяч тенге.

Остальные конкурсанты были отмечены Благодарственными письмами за участие, подтверждающие важность их вклада в развитие культуры выразительного чтения среди незрячих и слабовидящих. Особую благодарность хотим выразить сотрудникам специальных библиотек, которые помогли с подбором текста, оформлением видеоматериала, поддержали и вдохновляли своих читателей. Также благодарим ТОО «DK-Проект» за спонсорскую помощь в проведении конкурса и награждении победителей. Такие конкурсы служат вдохновляющим примером инклюзивного подхода и являются не просто состязанием, а триумфом духа и силы казахской литературы, новой формой объединения людей с особыми потребностями в культурном пространстве страны. Он доказал: у искусства нет границ, а слово, прочитанное с душой, проникает в самое сердце — независимо от того, читаешь ли его глазами или пальцами.

Кузекпаева Гульбану Амангельдиновна,
тифлопедагог ВКО спецбиблиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Путь к знанию: библиотека и читатель

Читатели – это сердце библиотеки. Именно они придают смысл её существованию. Библиотека и её читатели – неразделимы. Пока есть те, кто стремится к знаниям, кто нуждается в поддержке, вдохновении и открытии нового, – будет жить и труд библиотекаря. Ведь библиотека – это не только книги, это пространство общения, развития, принятия и доверия. Особенно, для детей, которым важна поддержка и уверенность в своих силах.

С теплотой и заботой библиотека относится ко всем своим посетителям – и взрослым, и детям, включая ребят с ограниченными возможностями здоровья. Особенно значимой задачей является создание условий для полноценной адаптации незрячих и слабовидящих детей в обществе. Ведь каждый ребёнок, независимо от состояния здоровья, имеет право на развитие, радость общения и познание. Цель – не просто обслуживать читателей, а поддерживать каждого ребёнка на его личном пути – пути к уверенности в себе и раскрытию внутреннего потенциала.

По доброй традиции новый учебный год начинается с особого события – детского игрового мероприятия для воспитанников Центра «Улыба». Эти ребята – особенные: у каждого свой характер, возраст, история, и, конечно, свои особенности здоровья. Поэтому атмосфера мероприятия наполнена душевным теплом, заботой и желанием подарить радость.

В этот раз прошло интерактивное занятие в игровой форме – весёлое, познавательное и очень живое. Настоящей кульминацией встречи стало появление большой ростовой куклы в образе ожившей книги. Восторг детей был неподдельным: кто-то впервые увидел такую куклу и не смог сдержать эмоций, кто-то старался обнять её, заглянуть внутрь, а один мальчик даже захотел примерить костюм на себя.

Дети с радостью танцевали с «живой книгой», смеялись, обнимались и с удовольствием фотографировались. Вместе с небольшими подарками они унесли с собой яркие впечатления,

искренние эмоции и ощущение волшебства, которое, возможно, останется в их памяти надолго.

Значительное внимание уделяется и учащимся «Специальной школы-детского сада №14». Для ребят с нарушением зрения были подготовлены тактильные книги и издания, напечатанные рельефно-точечным шрифтом по системе Брайля. Дети с интересом рассматривали тактильные изображения, изучали особенности шрифта, задавали вопросы и с удовольствием делились своими мыслями. Создание среды, в которой каждый ребёнок может самостоятельно познавать мир, чувствовать свою ценность и развивать таланты — важнейшая часть работы библиотеки.

«Волшебный мир шашек» — это практико-ориентированный проект, в рамках которого на протяжении нескольких лет в «Специальной школе-детском саду №14» проходят занятия по обучению игре в тактильные шашки. Эта адаптированная игра не только доступна детям с нарушением зрения, но и стала для них по-настоящему увлекательным способом развивать мышление, внимание и уверенность в себе.

Фигуры в тактильных шашках различаются по форме и высоте, игровое поле выполнено в рельефном формате — с чёткими границами клеток, что позволяет детям свободно ориентироваться и самостоятельно принимать игровые решения.

«Когда дети впервые увидели такие шашки, они были по-настоящему удивлены! Крутили фигуры в руках, щупали, делали первые ходы — и с каждым разом становились всё увереннее», — делится впечатлениями классный руководитель Кристина Ивановна.

Занятия проходят с большим интересом: дети живо обсуждают стратегии, радуются победам и не расстраиваются из-за поражений. Игра объединяет, вдохновляет и делает маленькие шаги к большим внутренним победам.

Новыми яркими страницами в работе стали встречи с учениками школ №4, 25 и 35. В рамках Дня языков и на встрече с писателем Алдияром Аубакировым школьники получили возможность прикоснуться к живому слову, задать интересующ-

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ие вопросы, услышать вдохновляющие истории. Такие встречи становятся не только незабываемым опытом, но и мощным стимулом к чтению, мечтам и творчеству.

Библиотека всегда открыта для новых друзей, единомышленников и партнёров. Все, кто хочет присоединиться к проектам, провести занятие, стать волонтером или просто поделиться своим теплом и знаниями – всегда желанные гости.

Создание пространства, где каждый ребёнок чувствует себя частью большого и удивительного мира книг, общения и открытий, – одна из ключевых задач. Здесь чтение становится не просто процессом – это жизнь, наполненная знаниями, вдохновением и маленькими открытиями каждый день.

В распоряжении юных посетителей – множество настольных игр: шашки, шахматы, тогызкумалак и другие. А ещё – многообразие книг разных жанров на двух языках, чтобы каждый ребёнок мог найти то, что откликается именно ему.

Путь к знанию начинается с интереса. А библиотека – то место, где этот интерес рождается, растёт и превращается в любовь к чтению, учёбе и жизни.

**Лебедева Евгения Сергеевна,
библиотекарь сектора обслуживания
ВКО специальной библиотеки для
незрячих и слабовидящих граждан**

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Құрметті оқырмандар! Назарларыңызға Шу аудандық Орталық кітапхананың «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған бөлімінің» белсенді оқырманы, Шу ауданының тумасы, әуесқой ақын, термеші Болатхан Әсенұлы Қасымқұловтың шығармашылығы мен өлеңдерін ұсынамыз.

Болатхан Қасымқұлов 1961 жылы 5 желтоқсанда Балуан Шолақ ауылында дүниеге келді. 1991 жылдан бері І топ көз мүгедегі. 1979 жылы мектепті тамамдаған.

Еңбек жолын ПМКК-да жұмысшы болып бастаған. 1982-1993 жылдары Шу аудандық оқу өндірістік кәсіпорында табысты еңбек

етті. 1993-2014 жылдары Шу ауданындағы Қазақ соқырлар қоғамының бастауыш ұйымының төрағасы қызметін атқарған. 2015 жылы Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасының ұйымдастыруымен көз мүгедектері арасында өткізілетін дәстүрлі облыстық «Үміт қанатында» атты фестивальдің «Жүректен шыққан жырларым» номинациясының авторлық шығарма орындаудағы «Тәубеге кел» атты термесімен І орынды жеңіп алды. 2017 жылы осы номинация бойынша «Өсиет» атты термесімен ІІІ орынды иеленді. 2021 жылы «Отбасы бақыт мекенім» атты облыстық отбасылық байқауына қатысып, белсенділік танытып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. 2022 жылы Жамбыл облысының рухани-мәдени, жасампаздық әлеуетін нығайту жолындағы өлшеусіз еңбегі үшін Басқарма басшысы Е. Жүнісбай атынан Алғыс хатпен марапатталды. 2023 жылы Халықаралық «Ақ таяқ» күні аясында өткен «Мақсат бар жерде шектеу жоқ» облыстық байқаудың «Берілген тақырып бойынша өлеңді суырып салып айту» номинациясы бойынша ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды. Облыстық «Үміт қанатында», «Үлгілі отбасы мәңгілік елдің тірегі» атты отбасылық байқаулардың жүлдегері. Қазіргі кезде зейнеткер. 70-тен аса өлеңдердің авторы.

Абай дана

Абайдай қазағымда барма тұлға
Әр сөзі насихатпен толған сырға,
Адамзат Абайменен жаңғыруда,
Тамсануда барша әлем жылдан жылға.
Мыңмен жалғыз алысқан
Абайдай барма данышпан
Тұла бойы жаралған,
Ұят, ар мен намыстан,
Абай асқақ ойдың кемеңгері
Сөз маржанын терген тұңғыық тереңдегі
Құлағыңда жаңғырып тұрар мәңгі
Алланы сүй, нығметін сез дегендері.

Абай десе құлағым елеңдеген
Қазағым Абайменен кемелденген.
Әттең Мақатаевтай бола алмадым
Жазар ем Абайға арнап көлемді өлең.

Өзіме жыр

Қазақпын құлымын жаратқанның,
Шу ауданы Балуан Шолақтанмын.
Дулат, Шымыр руым Сәмбет,
Қасымқұлов Әсенұлы Болатханмын.
Құдайым көзіме жастай кесел берді,
Тағдырына қандай пенде төселмейді.
Сондықтан ризамын тағдырыма
Өмірімді өнерменен еселеді.
Жасымнан өлеңге талаптандым
Шимайладым неше дәптер парақтарын.
Отырып тәтті қиял құшағында
Сезбей қалдым қалай таң атқанын.
Қайта-қайта тексеріп сараптадым,
Қанша өлең болды деп санап бәрін.
Қиялдың буына масаң болып
Мұқағали болуға сәл-ақ қалдым.

Жеңгелерге

Жеңгелерім, қымбатты жеңгелерім!
Өздеріңді ай күнге теңер едім.
Сырқатымды пейіліңмен емдеп едің,
Сүрінгенде қолтықтан демеп едің.
Әзілімді көтерер сендер едің,
Өздеріңдей жеңгелер болмағанда,
Айдалада қалғандай сенделермін.
Ағалардан кем болған сыбағасы
Өлеңменен орнына мен беремін.
Өздеріңдей жеңгелер арқасында
Су емес, айран ішіп шөлдемедім.

Обзор новой литературы рельефно-точечным шрифтом за III квартал 2025 года

Уважаемые пользователи!

Фонд Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан пополнился новыми журналами «Литературные чтения» № 4, 5, 6 за 2025 год.

«Литературные чтения» №4. Тетрадь 1.

Ульяна Меньшикова. Рассказы из сборника «Без зла».

Сборник рассказов Ульяны Меньшиковой «Без зла» представляет собой коллекцию искренних, жизненных историй, в которых сочетаются юмор и грусть, реальность и фантазмагория. Автор демонстрирует стойкое жизнелюбие, добродушие, самоиронию и любовь к людям, предлагая читателю руку товарища и собеседника. Сборник обещает утешение и поддержку, развеивая хандру и напоминая, что человек не одинок.

«Без зла» - это сборник рассказов, написанных с любовью к жизни и людям. Ульяна Меньшикова создает истории, которые одновременно веселы и грустны, реальны и немного фантастичны. В них нет зла, но есть добродушие, самоирония и теплое отношение к читателю. Автор, словно добрый друг, протягивает руку, чтобы поддержать, развеселить и напомнить, что жизнь прекрасна, даже если порой бывает трудно. Эти рассказы не требуют интеллектуального напряжения, они скорее утешают и дарят чувство, что ты не одинок в своих переживаниях.

В сборнике, вероятно, можно найти истории, затрагивающие различные аспекты человеческой жизни, наполненные жизненными наблюдениями и авторским оптимизмом. Это чтение, которое может поднять настроение, заставить улыбнуться и напомнить о важности простых радостей.

«Литературные чтения» №4. Тетрадь 1, тетрадь 2.

Ирина Грекова. «Вдовый пароход». Повесть:

Повесть Ирины Грековой «Вдовый пароход» рассказывает о жизни нескольких женщин, оказавшихся в одной коммунальной квартире после войны. Их объединяет статус вдов и общая квартира, которую они называют «вдовьим пароходом». Повесть затрагивает темы любви, дружбы, женской доли, конфликта поколений, болезни и смерти, а также жестокости и милосердия, разворачивающиеся в замкнутом пространстве коммунальной квартиры.

Действие происходит в послевоенной Москве, в коммунальной квартире, где живут пять женщин, потерявших мужей. Каждая из них пережила свою трагедию, но все они оказались в одном «корабле» – коммунальной квартире. Повесть показывает, как женщины разных возрастов и социальных положений взаимодействуют, делятся своими радостями и горестями, борются с трудностями жизни и находят поддержку друг в друге. Через призму их судеб раскрываются проблемы послевоенного времени, внутренние переживания женщин, их стремление к счастью и пониманию. В повести много внимания уделено бытовым деталям, которые создают атмосферу эпохи.

Уважаемые пользователи!

Мы надеемся, что новая литература шрифтом Брайля, привлекут ваше внимание.

Ждём вас в нашей библиотеке.

Подготовил Мырзабеков Алмас

РБНСГ - ВЕСТИ



**Ақ таяқ күні:
Әлем бәрімізге ортақ**



**Юбилей великого слова:
читаем Сабита Муканова**



Путь к знанию: библиотека и читатель

**Қасымқұлов
Болатхан
Әсенұлы**

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.

Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии АО «Кокше-Полиграфия»,

Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова, 98

тираж 100 экз. Заказ № 1280

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Сыздыков Б.Т.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Материалы публикуются в авторской редакции.